

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім мекбінің 2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызмет бойынша анықтама.

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2023жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде құрылды.

Қыркүйек айының екінші аптасында жоспарға сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында «Керн Йерасик тесті» өткізілді. Зерттеуге 1 сыныбынан 14 оқушы қатысты. Нәтижесінде қорытындылар сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, оқушылардың мектепке дейінгі дайындық дәрежесін арттыру бойынша ұсыныс, кеңестер берілді. Қыркүйек айының екінші аптасында мектеп ұжымына «Отбасы күніне» арналған «Бала өмірдің гүлі» атты ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг өткізілді.



Қыркүйек айының екінші аптасында агрессия түрін анықтауға арналған 9-11 сынып оқушылары арасында «Басса Дарки» диагностикасы алынды. Сонымен қатар, 1,5 «а», 5 «ә» сыныптарында «Менің класым» жобалау мақсатында сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын және сынып жетекшісімен қарым-қатынасын анықтау тесттері жүргізілді. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бірқалыпты ниеттелген, бейімделмеген оқушы анықталмады. Қыркүйек айының үшінші аптасында 8-11 сыныптың қыз балалары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кезекті кездесу өтті.



Қазан айында оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында 5 «а», 5 «ә» сынып оқушыларына Н.Г.Лускановтың «Менің класым» әдістемесі жүргізілді. Кластың барлық оқушылары қатысып, нәтижесінде сынып оқушыларының бір-бірімен және сынып жетекшісімен қарым-қатынасы нығайды.

Қазан айының ортасында «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбында 7-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел жүргізілді. Оқушыларға буллинг, кибербуллинг туралы түсіндірме жұмыстары, кеңестер берілді.





Агрессия түрін анықтау мақсатында 9-11 класс оқушыларынан Басса-Дарки сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде депрессия деңгейі жоғары оқушы анықталған жоқ. Қазан айының соңында 5 «а», 5 «ә» сынып оқушылары ата-аналарына «5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделудегі ерекшеліктері» тақырыбында ат-аналармен кездесу ұйымдастырылды. Ата-аналарға кеңестер берілді.



Қараша айының екінші аптасында жоспарға сәйкес 5-7 сыныптар аралығында Филипс әдістемесі бойынша оқушылардан сауалнама алынды. Мақсаты: оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау. Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, 8-9 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Мақсаты: Депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша шекті мәндерден асып кеткен, яғни қауіп-қатері жоғары оқушы анықталған жоқ. Қараша айының соңғы аптасында 9 сынып оқушыларына Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық» сауаланмысы алынды. Мақсаты: оқушылардың мамандыққа бейім бағытын анықтау.



Түзету-дамыту жұмысы бойынша 10-11 сынып оқушыларына «Калейдоскоп» үлкен психологиялық ойыны жүргізілді. «Балаларды интернеттен қорғау» тақырыбында оқушыларға жаднамалар таратылды. Орта буын оқушыларына «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне оқушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана- сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді тұруға деген ұмтылысты тәрбиелеу мақсатында 9-10 класс оқушыларына ақпараттық - танымдық сабақ өткізілді.

Желтоқсан айында 10-11 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Мақсаты: Депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша шекті мәндерден асып кеткен, яғни қауіп-қатері жоғары оқушы анықталған жоқ.



Түзету-дамыту жұмысы бойынша 5-8 сынып оқушылары арасында «Күпия дос» психологиялық акциясы жүргізілді. Мақсаты: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы адамгершілікті, ынтымақтастықты, сыйластықты, сүйіспеншілікті, мейірімділікті нығайту. Сұраныс бойынша ата-аналарға, оқушыларға кеңестер берілді. Тоқсан бойынша жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қаңтар айында диагностика бағытында 10 кластан мектептік ақыл ой деңгейін анықтау ШТУР тесті алынды. Түзету дамыту бағытында 2-4 кластардан қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған Т.В.Артемяева әдістемесінен әртүрлі жаттығулар жүргізілді. 9,11 класс оқушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны ұйымдастырылды. Профилактикалық бағытта 5-8 кластар арасында «Ұйқыдағы қала» психологиялық жобалық-ойын өтті.



Ақпан айында диагностика бағытында 4 класс оқушыларынан эмоция сферасы, агрессия анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Коррекциялық – дамытушылық бағытта 2-4 кластарда Т.В.Артемяева әдістемесі бойынша жаттығулар жүргізілді.

Оқушылармен өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар, «Үй, Адам, Ағаш» проективті тесті, «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Реніштен арылу» психокоррекциялық сабақтар жүргізілді.



Наурыз айында түзету – дамыту бағытында 2-4 кластарда Сөйлемдерді құрастыру, “Сәйкестендіру” ойыны жаттығулары жүргізілді. Профилактикалық бағытта 2-7 кластар арасында жоспардан тыс, оқушылардың қиялын ұштау, ізденімпаздыққа ұмтылу, қызығушылығын ояту мақсатында «Сумкасыз бір күн» акция ойын ұйымдастырылды.



Сәуір айында Сәуір айында 4-сынып оқушыларына танымдық процестерді зерттеу мақсатында Замбацавиченің әдістемесі жүргізілді. Білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылау мақсатында бастауыш сыныптардан Т.В.Артемяваның «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Айна», «Кәсіпқой», «Қағаздан жасалған қар» (агрессияны төмендетуге арналған), «Болашақ чемпиондар», «Апельсин», «Түсіру», «Әр түрлі кейіпкерлер» жаттығулары жүргізілді. 5-8 сыныптарда, 1-4 сыныптарда кинезиология жаттығулары жүргізілді.

Мамыр айында мектебімізде 2023-2024 оқу жылында «Үйлесімділік» жобасы аясында 13.05-17.05 аралығында «Отбасы үйлесім ортасы» тақырыбында психологиялық апталық ұйымдастырылады. Апталық аясында 5-7 сынып білім алушылары ата-аналарының қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «PARI әдістемесі» алынды. Сонымен қатар ата-аналарға «Кинотерапия» ұйымдастырылды. Ата-аналардың таңдауы бойынша «Бала ғашық», «Жанұя» фильмдері көрсетілді. Ата-аналар фильмдерді қарап, алған әсерлерін ортаға салды. 8-9 сынып оқушылары ата-аналарына «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. 10-11 сынып білім алушыларының ата-аналарына «Отбасындағы психологиялық ахуалдың баланың тұлға болып қалыптасуына ықпалы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Апталық

аясында ата-аналар тренингтерге, әдістемелерге белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды.



Мектеп бітіруші түлектермен «Мен таңдаған мамандық», «Стресті қалай жеңемін?», «Өмір баспалдақтары» тақырыбында тренингтер, тернинг сабақтар ұйымдастырылып, жаднамалар таратылды.



вариантты мінез- ықты оқушылар	ауыт полиция әлімінде септе рған оқушылар	тепшілік есепте рған оқушылар	әуекел тобына нған оқушылар	ылауға алынған
жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

2023-2024 оқу жылының «Сенім жәшігіне» келіп үскен мәліметтерді тіркеуге алынып, қойылған сауал, сұрақтары бойынша жауаптар қайтарылды.

С.Оразалин	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
ндағы ЖОББМ	0	1	0	1
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1	0	2	0	0

Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологі өз жауабын беріп, кеңестер берді.

Педагог-психолог: *Жең* Кенжегалиева Ж.А